

Мұнай өнімдерінің ішкі рыногын тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 қыркүйек N 1394

Мемлекет мүддесін қорғау және күзгі-қысқы кезеңде республика экономикасының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған мұнай өнімдерінің ішкі рыногын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) 2000 жылдың 1 қазанынан бастап:

Ақтау теңіз айлағы арқылы бағытпен тасымалдауларды қоспағанда, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін темір жол көлігімен экспорттық тасымалдауларға қолданылып жүрген т а р и ф т е р д і 5 0 п а й ы з ғ а ;

Ақтау теңіз айлағы арқылы бағытпен шикі мұнай мен мұнай өнімдерін темір жол көлігімен экспорттық тасымалдауларға қолданылып жүрген тарифтерді 25 пайызға а р т т ы р у ;

2) ішкі республикалық қатынастардағы темір жол көлігімен шикі мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдауларға төмендету коэффициенттерін енгізу шараларын қ а б ы л д а с ы н .

2. "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша):

"Прииртышск - Шымкент МОС" және "Құмкөл - Шымкент МОС" бағыты учаскелері бойынша мұнайды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі бекіткен тарифтер бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем жасалатын күнгі ресми бағамы бойынша теңгемен есептелген төлемді Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 282-бабына сәйкес жүк жөнелтушілерден өндіріп алсын;

"Шымкентмұнайоргсинтез" ААҚ-да өңделген мұнай көлемдерін тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі бекіткен тарифтер бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1999 жылғы 1 сәуірдегі ресми бағамы бойынша теңгемен есептей отырып, жүк жөнелтушінің өңдеу туралы растайтын құжаттарын ұсынған жағдайда, есеп айырысу ж ү р г і з с і н .

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі,

Көлік және коммуникациялар министрлігі 2000 жылдың 1 қазанынан бастап экспортқа және Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарына жеткізіп берілетін мұнайдың көлемі туралы тұрақты мониторинг енгізсін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы жұмыстың жай-күйі туралы ай сайын баяндап
о т ы р с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі

"ҚазТрансОйл" МТҰК ЖАҚ-нан, "Қазақстан темір жолы" РМК-нан, мұнай өндіретін және мұнай өңдейтін компаниялардан бюджетке түсетін салықтық түсімдер туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ай сайын ақпарат ұсынсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.